



**Күндізгі білім беру ұйымдарының оқушыларына қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жол жүрулеріне жеңілдік беру туралы**

*Күші жойған*

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 05 қаңтардағы N 24/4 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 05 ақпанда N 8-3-92 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 28/6 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2010.04.16 N 28/6 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабы 4 тармақшасына сәйкес Теміртау қалалық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Теміртау қаласының келесі санаттағы оқушыларына 2010 жылы қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүрулеріне жеңілдік белгіленсін:

1) Теміртау қаласының жалпы білім беретін оқу орындарының бірінші сыныптан сегізінші сыныпқа дейінгі сынып оқушыларына (жазғы кезеңді 2010 жылдың 1 маусымынан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегенде) тегін жол жү р у ;

2) жалпы білім беретін оқу орындарының, кәсіби лицейлердің тоғызыншы сыныптан он бірінші сыныпқа дейінгі сынып оқушыларына, колледждер оқушыларына (тоғызыншы сынып базасында оқитындарға бірінші және екінші курс оқушыларына) тиісті тарифтің 50% төлеу (жазғы кезеңді 2010 жылдың 1 маусымынан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегенде);

3) кәсіби лицейлерде, колледждерде (он бірінші сынып базасында оқитын) және меншіктің барлық түріндегі жоғары оқу орындарының күндіз оқитын тұлғаларына тиісті тарифтің 50% төлеу (жазғы кезеңді 2010 жылдың 1 маусымынан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегенде).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Владимир Павлович Дмитриев).

3. Осы шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.

*Мәслихат хатшысы*

*А. Аркатов*

**КЕЛІСІЛДІ**

*"Теміртау қаласының білім беру,  
дене шынықтыру және спорт бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
А . Д . А х м е т о в*

06 қаңтар 2010 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК